

Жақсылықтың жаршысы болсын!

Ж а ң а

Өмір



аймақтық қоғамдық - саяси танымдық газеті

«Жаңа Өмір» аймақтық қоғамдық - саяси танымдық газеті 2025 жылдың 25 ақпан айынан шыға бастады

Жаңа Өмір

janaomir2025kz

2025 жыл / 11 сәуір / Жұма / №7 (7)



«Таза өңір – Таза Қазақстаннан басталады»

Мемлекет басшысы «Жаһандық климат сын-қатерлері кезеңіндегі Орталық Азия» халықаралық конференциясына қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Орталық Азияның планетадағы климат өзгерістеріне ең осал өңірлердің бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, мұнда жаһандық жылыну әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жылдам жүріп жатыр. Аймақ тосын табиғат құбылыстарымен, атап айтқанда, мұздықтардың еруі, шөлейттену және су тапшылығы секілді сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр.

– Осындай күрделі жағдайда аймақ елдерінің күш-жігерін бір мақсатқа жұмылдыру аса маңызды. Сонымен қатар климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары елдеріміздің дамуына кедергі келтірмеуге тиіс. Біз экономикалық өсім мен климаттық саясат арасындағы тепе-теңдікті қатаң сақтауымыз керек. Бұл ретте Қазақстан аумағында жаппай ағаш егу туралы тапсырма бергенімді айта кеткім келеді. Бұдан бөлек, елімізде орманды сақтау мен қорғауға, экологиялық сананы қалыптастыруға, ең әуелі, өскелең ұрпақты табиғатты аялауға үндейтін «Таза Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ, Өзбекстанмен

бірге Аралдың табанына жасыл желек егу жұмыстарын қолға алдық, – деді Президент.

«Таза Қазақстан» – сөзден іске, өзгеріске бастаушы бағдарлама. Тұтас елді қамтитын ауқымды жоба жыл ішінде қаншалық жемісін берді? Ілгерілетіп түсу үшін биыл қандай жоспарлар жүйеленіп отыр? Қостанайда облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың төрағалығымен өткен кеңесте осы сұрақтарға жауап ізделді.

Жиынға Арқалық қаласымен, Амангелді, Жангелдин аудандарының әкімдері қатысып, жобаны жүзеге асыру үшін жаңа тапсырма алды.

Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жобасы сенбіліктер өткізумен, коммуналдық қызметтің жоспарлы іс-шараларымен шектелмейді. Бұл – табиғат дүниесін аялауға, елді мекендерді көркейтуге, жан-жақты дамытуға, адамдар еңбегіне құрмет көрсету және болашаққа таза да қауіпсіз Отанды аманаттауға бағытталған ауқымды бағдарлама. Мұның аясында Тобыл-Торғай өңірінде алғашқы жылдан-ақ атқарылған жұмыстар көп. Жобаны жалғастыруға да ерекше екіпін салынғалы отыр. Осылай деді өңір басшысы кіріспе сөзінде.

«Экологиялық сауаттылық – еліміз

ұстанған саясаттардың негізгі бағыттарының бірі. Қоршаған ортаға күтіммен қарау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру – алдымызда тұрған міндет. Мемлекет басшысы мұны әр азамат пен халқымыздың күнделікті өмір салтына айналуы керегін айтқан еді. «Таза Қазақстан» облысымызда кешенді іске асырылып жатыр. Елді мекендерді абаттандырып, сәулеттік келбетін жақсарту, қараусыз қалған ғимараттар мен үй-жайларды реставрациялау, қалпына келтіру шаруасына былтыр кірістік. Биыл бұл мақсатқа 16,8 млрд теңге көзделген. Өсім – 50 пайыз» – дейді облыс әкімі.

Арқалық қаласында көктем басталғалы 900 шаршы метр аумақта қоқыс шығарылып, апта сайын сенбіліктер өткізілуде. Бүгінгі күні көше бойындағы жаяу жүргіншілер жолы мен суағар арықтар, құбырлар тазартылып қаланың көркі кіруде. Алдағы уақытта Абай даңғылы мен Кеншілер сарайының (Горняк) алдына құйма тас төсеу жоспарлануда. Сонымен қатар, қала аумағында 5000 түп көшет отырғызу күн тәртібіне қойылған. Құйма таспен әрлеу жұмыстарына 200 млн теңгеден астам қаражат қарастырылып отыр. Ал, ағаш отырғызуға 60 млн теңге жұмсалмақ. Апталық сенбіліктерді жүргізуге 20 млн теңге қаржы бөлінеді. Жалпы қала тұрғындары

аулалар мен бекітілген аумақтарды тазартуға белсене қатысып жатыр.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған облыстық сенбілікке Амангелді ауданының тұрғындары белсенді түрде атсалысты. Ауқымды шара барысында 240-тан астам адам бірігіп, қоршаған ортаны тазарту ісіне өз үлестерін қосты. Сенбілікке аудан аумағындағы түрлі мекемелер мен кәсіпорындардың қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, еріктілер, сондай-ақ жергілікті тұрғындар қатысты. Қоғамдық іске жұмыла кіріскен азаматтар көше бойын, саябақтар мен жалпы пайдалымдағы аумақтарды қоқыстан тазартып, тазалық пен тәртіп орнатуға күш салды. Шара барысында 6 арнайы техника жұмылдырылып, нәтижесінде 15 тоннаға жуық тұрмыстық және басқа да қалдықтар жиналып, тиісті орындарға шығарылды. Аудан тұрғындарының мұндай белсенділігі қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілік пен экологиялық мәдениеттің артып келе жатқанын көрсетеді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таппақ.

Оразхан ЗЕЙНОЛЛА

Диқандар тұқым себуге дайын



2 БЕТТЕ

Түнгі қаладағы балалар



3 БЕТТЕ

Қасиетті қос кітапқарилар орталығы төрінде



4 БЕТТЕ

Ұлттық кино



7 БЕТТЕ

6 Әдебиет айдынында Ақиқатты арқау еткен



(Ақын Нұрхан Ахметбековтың «Күләндам» дастаны жөнінде)



Байтұрсынов пікірлері ескерусіз қалды. Қазақстандағы 1921-22 жылғы ашаршылықтан кейінгі «Голощекин геноциді» атауымен тарихқа енген екінші алапат аштықты қызыл империя сойылын соққан жергілікті белсенділер мен орталық қолдан жасады. ... «Егер соңғы үш жылды алар болсақ, - деп жазады Голощекин Сталиннің жеке өзіне 1931 жылдың желтоқсанында жазған құпия хатында, - мал басының төмендеуі мынадай болып шығады: 1929 жыл ішінде – 36 миллион бас, 1939 жылы – 20 миллион және 1931 жылы 8,5 миллион бас». Ал, бұл малдың 1934 жылға дейін 4 миллионға дейін құлдырағаны белгілі. Қазақстан «көсемін» одан әрі оқысақ белгілі орыс ғалымы, профессор С.П.Швецов 1926 жылғы еңбектерінде тұңғыш рет қолданған «үдере көшуді» И.В.Сталиннен де жасырмағанын анық байқаймыз: «30-31 жылдардағы ауа көшулер негізінен халықтың азаюы 12-15 процент. Ауа көшкен халық өздерімен бірге қолдағы мәліметтерге қарағанда 1,5-2 миллион бас малды айдап кетті...»

Қазақстандағы сталиншілдердің қазақ ауылдарының малын сыпырып алғаны ақиқат. Бірақ, үкімет оны алдын-ала ойластырылған құйтырқы механизм арқылы айлакерлікпен жүзеге асырады. Қыруар малды сол жылдары Қазақстанда әдейі құрылған «Союзмясопродукт», «Животноводсоюз», «Скотовод», «Овцевод», «Ленинградмясопродукт», «Москвмясопродукт» тағы басқа алпауыт ұйымдар жұтып қойып отырды. Демек, ашық қазақ шаруасы Мәскеу мен Ленинградты тіпті Орта Азия аймағын етпен асыраған. Тек 1928-29 жылғы ет дайындау науқанында ғана Ленинградқа 38080 бас ірі қара, 20960 бас қой, ал Мәскеуге 9549 ірі қара, 11006 қой әкетілген Тәшкенге, Самарқан, Бұқара, Өндіжөн, Термезге 84 мың бас мал жіберілген. Кеңестік дәуірде халық жанына жара салған, қасірет әкелген ашаршылық туралы жұмған ауыз ашылған жоқ. Мемлекеттік басқару органдарының құпия құжаттарында болмаса бұл нәубет туралы мерзімді баспасөзде немесе көркем әдебиетте ашық жазу мүмкін де емес еді. Бірақ, қанша жерден тосқауыл қойып, қырағы көздер қанша көз сүзіп тұрса да халық қабырғасына батқан осынау қасіретті жылдар жөнінде қалам тартпай қала алмайтын қайсар суреткерлер болды. Бірақ, олар саусақпен санарлық еді.

Міне, осындай халық үшін қан жұтып, шыбын жанын шүберекке түйіп, ел басына түскен нәубет шындығын көркем тіл кестесіне түсірген санаулылардың бірі-Нұрхан Ахметбеков.

Нұрхан ақын шығармашылығының ауқымы өте кең. Ол өз өлеңдерінде туған елді сүюді, адал еңбек етуді, халықтар достығы мен бірлігін ту етіп көтере алды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Н.Ахметбеков шығармашылығында көрнекті орын алды. 1936 жылы жазып, 1944 жылы Қостанай облыстық «Большевиктік жол» (Қазіргі «Қостанай таңы») газетінде жарияланған «Үрпек соғысы» дастанын кейін қайта қарап кең тынысты «Амангелді» атты тарихи поэма туғызды.

**Өкпек жел мұз өкпесін жегідей жеп,
Іркілдеп жөнелді қар егіле кеп.
Сең жүріп сергелдең боп селдер тасып,**

Жосылды өрден ойға төгіле кеп...

деп табиғат суретімен басталатын бұл поэма ақын шығармашылығы жолындағы биік белес. Жалпы Н.Ахметбековтың бұдан басқа «Есім сері», «Жасауыл қырғыны», «Қарға», «Албан Жұпар ханым», «Қаһарлы заман» секілді дастандар жазып қалдырған. Ал, өлеңдері мен түрлі деңгейдегі айтыстары өз алдына зерттеуді қажет ететін асыл қазыналар.

Н.Ахметбековтың Торғай өңіріндегі ашаршылықтың адам жанын түршіктіретін ақиқатын ашып көрсетер «Күләндам» дастаны жариялылық туы желбірегенше жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға белгісіз болып келді. 1932 жылы жазылған жыр-шежіре 55 жыл бойы баспа жүзін көрмей, тек 1987 жылы ғана «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Ал, 1990 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Шындық даусы» атты жинаққа енді. Бұл жинақта ақиық ақын Нұрханның «Күләндамымен» тағдырлас белгілі сөз зергері Жақан Сыздықовтың «Әлі қарттың әңгімесі», Шахан Мусиннің «Сөнбеген сенім», Бүркіт Ысқақовтың «Тас еденнің ызғары» секілді дастан-жырлары бар еді.

«Күләндам» - Торған өңіріндегі 1931-32 жылдардағы ашаршылықты арқау еткен дастан. Мұны ақын көне көздердің айтуымен емес, өзі көрген шындықтың қанын сорғалата отырып жазып шыққан. Әрине, мұндай дастан жазуға екі ақынның бірінің жүрегі дауалай бермейтіні анық. Дегенмен, Нұрхан ақын ақиқатты айтпай тұра алмаған.

Дастан негізінен алғанда басты кейіпкер Күләндамның алапат аштыққа дейінгі және кейінгі өмірін көркем тілмен шендестіру, салыстыру арқылы жазылған. Мысалы:

**Он алты жаста Күләндам.
Биназдап бойын сыланған,
Орта бойлы, бота көз,
Жанынан жазып шыға алман.
Бұрымы жұмыр жұлындай.
Тұлғасы телі құлындай,
Оралып қасы қиылған
Саржаның ала сырындай.
Берендей жүзі құбылған,
Әліптей мұрны сызылған,
Маржандай тісі тізілген,
Лебізі нәзек үзілген,
Құрбандық болған құбы көп:
«Жылы рай бер деп жүзіңнен».
Дәлелге жеттік-ерікті.**

Қатардан үздік – көрікті, - деп Күләндам портретін, сұлу бейнесін айшықты жыр, тамаша теңеулермен бейнелеумен басталатын дастан оқыған сайын оқырманды тереңіне қарай тартып әкете береді. Елдегі ауыр жағдай ақын көзімен, өзі аңғарған, нақты көрген шындықты нағымды білдіріді. Сөз орайы келгенде айта өтелік, бұл кезде отызды алқымдап қалған Нұрхан ақын Кекалат ауылдық кеңесінде хатшы болып жүрген екен. Өзінің кіндік кесіп, кір жуған мекені – Тосын құмы етегіндегі «Қарғалы» ауылына шыққан сапары, Күләндамға кездесуі дастанға арқау болып тартылған. Бұрын думаны, ажар-берекесі таймаған дала ақын суреттеуінде көңілге суық кіргізіп, сұрқай келбетімен жан шошытады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін «Күләндамнан» үзінді келтіре отыралық:

**Айқайлайсың үн бермей,
Меңіреу мылқау қу дала.
Ит те кеткен күн көрмей,
Не болғаны бұл жалған?
Ат үстінде ойланып,
Әрлі-берлі толғанып,
Ұзын күнге кете алмай,
Ауылды жүрдім айналып.
Ақшамның тарап қызылы
Көз барады байланып
Жортып кеттім жолменен
Жүрегіммен зарланып.**

Ақын бұдан әрі ел еңсесін басқа аштық көрінісін халық ауыз әдебиеті дәстүрі,

төкпе жырмен тебірене төгеді.

**Теріс киіп жалбағай,
Жалаң етке тері тон,
Кесік тартып, көл қуып,
Жуа шайнап желбегей,
Көзге түскен жәндікті
Қуып ұстап, қуанып
Жеп барады делбегей.
Не қылдырмас адамға,
Аранын ашқын сұр көмей.
Адал, арам демейді,
Енді нені жемейді.
Жұта берсе тергемей ?!**

Дастанды одан әрі оқи түскенде аштық меңдеген адамның ауыр халі, жан шошырлық сурет көз алдыңызға келеді. Тұла бойыңызды түршіктіретін мына бір кестелі жолдарды оқудың өзі оңай емес.

**Көзіңнің үсті қолдырап,
Ұрт терісі салбырап,
Бас сүйегі зорайып,
Өңдіршегі зорайып,
Құлақтарын қалқайтып,
Желкесін кейін қайқайтып,
Шалбарланып шал тартып,
Жасы жетбпе қартайып,
Аузы-басын түк басып,
Сақалын, шашын күс басып,
Көзінің алды ірілдеп,
Буындары дірілдеп,
Көз шеңбері құдықтай,
Мұрны жалғыз сызықтай,
Сирағы сидам сырықтай,
Білегі күйген шыбықтай,
Саусағы солған сүліктей,
Табаны қара сүріктей,
Тырнағы темір күректей...**

Өмірден үзіліп бара жатқан аш адам суреті осылайша ақын тілімен өріле береді. Автор өзінің негізгі кейіпкері Күләндамды ұмытпай, жалпыны жалқы арқылы көрсетуге үлкен маңыз бере білген. Жалпы ашаршылық әкелген ауыр күйзелісті көркем сөз, кестелі тілмен айшықтай отырып, ақын халқына, кейінгі буынға айтар ойын күні кеше елді аузына қаратқан, сұлу жүзіне тамсантқан Күләндам тағдыры арқылы шебер бере білген, тамаша жеткізе алған. Ақын өз кейіпкерінің аштық жайлаған ауылдағы жадау тұрмыстың, бет-бейнесін былайша суреттейді:

**Болатын емес тануға,
Шырайлы жүзін шаң қапқан,
Мөлдір көзін қан басқан,
Қасына келіп қадалып,
Қарадым көзім алмастан.
Ақ бұғақтан айырылып
Ақша жүзі қарайған,
Алмадай мойны сорайған,
Ақ бетіне қақ тұрған,
Әжімсіз бетке дақ тұрған,
Қырқылып шашы ұйысқан,
Ақ сірке қаптап сиысқан.
Шидемнен көйлек, жыртық жең
Бейне бір күнге күйген көң,
Жұлынып жүрдай болыпты
Шықпағын жаны қалыпты,** - дей келіп өмір үшін алысып жатқан аш адамның жүрек сыздатып, жаныңды ауыртар ауыр халін былайша кестелейді:

Үндемейді сынменен,
«Күләндамбысың» дегенде
Жылау ма, әлде өлең бе,
Шегін тартып шырқады
Дірілдеп зарлы үнменен,
Құлақ естір жердегі,
Қалғандар тірі елдегі
Сайраған бұлбұл жанына
Қалмады бір жан келмеген.
Бір баяулап, бір – қатты,
Былықылдатып бипаздап,
Сөйледі келін жырменен.

Ақын бұдан әрі Күләндам арқылы, соның аузымен Торғай өңіріндегі алапат ашаршылықтың ауыр зардаптарын егіле баяндайды. Торғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Талтаңбаев, аудандық атқару комитетінің төрағасы Бурабаев, аудандық ауыл шаруашылық